Атырау облысы
бойынша Ішкі мемлекеттік
аудит департаментінің
басшылығына

Арыз-шағым

«Атырау облысы Жастар саясаты мәселелері басқармасы» мемлекеттік мекемесі №2399863-1 конкурстың Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен №2399863-ГС31 көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттамасында «**Қазақстан жастарының Парламенті» қоғамдық қорының** ұсынған жобасына **Әлеуетті өнім берушінің Техникалық ерекшелігінің қорытынды бағасы 8 баллдан кем; Тапсырыс берушімен қойылған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкес келмеуі, «Отсутствует свидетельство или справка о государственной регистрации (перерегистрации) юридического лица»** деген дәлелсіз шешіммен конкурс жеңімпаз атануына кедергі келтірген.

Мәселен, біз ұсынған өтінімді бағалау дұрыс жасалынбаған.

«Тапсырыс берушімен қойылған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізу орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың аты-жөні, тегі)» критерииіне негізсіз 0 (нөл) балл берілген. Біздің есебіміз бойынша жоғарыдағы критерий бойынша ең кемі 3 (үш) балл берілуі тиіс болатын.

Сонымен қатар, Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы критерийі бойынша 1 (бір) балл тиіс деп есептейміз.

Сонымен қатар, «Отсутствует свидетельство или справка о государственной регистрации (перерегистрации) юридического лица» деген себеп көрсетілген болатын.

Алайда, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің «Заңды тұлғаларды, филиалдар мен өкілдіктерді тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 233 бұйрығына сәйкес «**Қазақстан жастарының Парламенті» қоғамдық қорына, Оңтүстік Қазақстан облыстық Әділет департаменті тарапынан құрылтайшылық құжаттары ретінде қоғамдық қордың жарғысы және құрылтайшылық келісім-шарт** берілген болатын.

Осыған орай, «**Қазақстан жастарының Парламенті» қоғамдық қоры тарапынан ұсынылған өтінімдегі егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы №739 бұйрығына сәйкес және құрылтайшылық құжаттар Қазақстан Республикасы Әділет министрінің «Заңды тұлғаларды, филиалдар мен өкілдіктерді тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер**

стандарттарын бекіту туралы» 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 233 бұйрығына сәйкес ұсынылған.

Осы келеңсіз жайттарды ескере отырып, конкурстық комиссияның қорытынды хаттамасын қайта қарап, қолданыстағы заң аясында, біз ұсынған өтінімді қабылдануына ықпал етуіңізді сұраймын.

Президент **М.Сейдуалхан**